

2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 46-417-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 5347 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы шешім 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағына, 75-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 09 желтоқсандағы № 44/472-VI "2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5296 тіркелген шешіміне сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданының 2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджеті 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 42 590 231 мың теңге:

салықтық түсімдер – 3 266 126 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 22 776 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 69 861 мың теңге;

трансферттер түсімі – 39 231 468 мың теңге;

2) шығындар – 42 715 547 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 248 345 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 274 235 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 25 890 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -373 661 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 373 661 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 274 235 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 25 891 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 125 317 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 22.12.2020 № 59-522-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2020 жылы облыстық бюджетке аудандық бюджеттен ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы 50 пайыз, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы 50 пайыз, әлеуметтік салықтан 50 пайыз және төлем көзінен салық салынбатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы 50 пайыз мөлшерінде бөлу нормативі белгіленсін.

3. 2020 жылы облыстық бюджеттен ауданның бюджетіне берілетін бюджеттік субвенция көлемі – 22 725 208 мың теңге болып белгіленсін.

4. 2020 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 7 838 473,0 мың теңге болып қарастырылсын:

Жемісті ауылдық округі 178 530,0 мың теңге;
Қызылжар ауылдық округі 314 621,0 мың теңге;
Дарбаза ауылдық округі 185 768,0 мың теңге;
Жібек жолы ауылдық округі 655 375,0 мың теңге;
Құркелес ауылдық округі 1 341 627,0 мың теңге;
Дербісек ауылдық округі 497 851,0 мың теңге;
Ақжар ауылдық округі 236 604,0 мың теңге;
Қабланбек ауылдық округі 778 977,0 мың теңге;
Тегісшіл ауылдық округі 259 730,0 мың теңге;
Жылға ауылдық округі 220 180,0 мың теңге;
Көктерек кенті 215 361,0 мың теңге;
Жарты төбе ауылдық округі 743 795,0 мың теңге;
Сарыағаш қаласы 2 145 378,0 мың теңге;
Әлімтау ауылдық округі 64 676,0 мың теңге.

5. Ауданның жергілікті атқарушы органның 2020 жылға арналған резерві 56 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

6. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық қорын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған, бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде 2020 жылға арналған даму бағдарламаларының тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2020 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139 бабының 9 тармағына сәйкес 2020-2022 жылдарға азаматтық қызметшілер болып

табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын.

9. "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш аудандық мәслихат аппаратының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

10. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш аудандық мәслихат хатшысы

Б. Садықов

Сарыағаш аудандық
мәслихатының 2019 жылғы
20 желтоқсандағы № 46-417-VI
шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 22.12.2020 № 59-522-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты			сомасы мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		1. Кірістер	42 590 231
1		Салықтық түсімдер	3 266 126
	01	Табыс салығы	90 1 723
	1	Корпоративтік табыс салығы	24 1 493
	2	Жеке табыс салығы	660 230
	03	Әлеуметтік салық	72 8 980

	1	Әлеуметтік салық	728 980
04		Меншікке салынатын салықтар	1 394 445
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 392 141
	5	Бірыңғай жер салығы	2 304
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	213 746
	2	Акциздер	155 949
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	11 741
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	45 319
	5	Ойын бизнесіне салық	737
07		Басқа да салықтар	2
	1	Басқа да салықтар	2
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	27 230
	1	Мемлекеттік баж	27 230
2		Салықтық емес түсімдер	22 776
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7 102
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 003
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6072
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	24
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	3
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 419
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 419
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10 252
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 252
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	69 861
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 755
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 755
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	66 106

	1	Жерді сату	66 106
4		Трансферттердің түсімдері	39 231 468
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	279 839
	3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	279 839
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	38 951 629
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	38 951 629
Функционалдық топ			
	Кіші функция		сомасы мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2.Шығындар	42 715 547
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 20 259
1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 53 781
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	29 277
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 077
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 24 504
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 21 439
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 065
2		Қаржылық қызмет	12 439
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 295
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3 295
	489	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі	9 144
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 531
	004	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	100
	005	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	513
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	1 54 039
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	72 252

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 327
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	35 535
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	78 400
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46 951
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	50
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	31 399
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 387
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	3 387
02			Қорғаныс	57 314
	1		Әскери мұқтаждар	13 240
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 240
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	13 240
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	44 074
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	44 074
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	29 624
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	14 450
04			Білім беру	27 790 889
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	5 533 133
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5 533 133
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	61 781
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	5 471 352
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	21 540 272
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	20 001 274
		003	Жалпы білім беру	19 877 413
		006	Балаларға қосымша білім беру	1 23 861
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 538 998
		024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 538 998

9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	717 484
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	717 484
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 285
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	261 256
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	41 766
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер және ұйымдардың күрделі шығыстары	364 208
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	24 969
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 384 680
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	1 074 705
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 073 499
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 073 499
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 206
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1 206
2		Әлеуметтік көмек	2 205 269
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 205 269
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	1 485 625
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	31 669
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	13 212
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	200 132
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	18 234
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	115 192
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	255 506
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	85 699
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	104 706

	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 04 706
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48 558
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	54 174
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 974
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 962 924
1		Тұрғын үй шаруашылығы	772 712
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	29 752
	016	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу	29 752
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	205 977
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	121 977
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	84 000
	497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	536 983
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	33 290
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	330
	033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	51 515
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	408 515
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	43 663
2		Коммуналдық шаруашылық	2 190 212
	497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	2 190 212
	018	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	571 247
	027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	40 728
	028	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	5 367
	029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	921 446
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	651 424
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 164 661
1		Мәдениет саласындағы қызмет	317 067

	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 04 385
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	3 04 385
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	12 682
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	12 682
2		Спорт	5 00 979
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	5 00 979
	008	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	4 89 628
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	8 000
	010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 351
3		Ақпараттық кеңістік	2 23 688
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	45 320
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	45 320
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 78 368
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	1 57 971
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	20 397
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 22 927
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	98 255
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39 742
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	58 453
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	60
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	24 672
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 067
	014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер және ұйымдардың күрделі шығыстары	7 355
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 608 944
1		Отын және энергетика	6 04 752

	497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	604 752
	009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	604 752
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	1 004 192
	497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	1 004 192
	038	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	1 004 192
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	76 603
1		Ауыл шаруашылығы	3 992
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	3 992
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 992
6		Жер қатынастары	32 421
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	32 421
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 033
	002	Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жұмыстар	1 245
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	5 143
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	40 190
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	40 190
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	40 190
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	67 966
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	67 966
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	28 915
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 915
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	39 051
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 982
	003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	22 069
12		Көлік және коммуникация	715 495
1		Автомобиль көлігі	680 259
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	680 259
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	217 717
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	15 868

		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	446 674
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	35 236
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	35 236
		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 589
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	7 039
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	14 608
13			Басқалар	1 137 686
9			Басқалар	1 137 686
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2 05 430
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 05 430
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21 663
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	21 663
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	45 000
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	45 000
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 65 593
		052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	8 65 593
14			Борышқа қызмет көрсету	235
1			Борышқа қызмет көрсету	235
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	235
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	235
15			Трансферттер	3 427 891
1			Трансферттер	3 427 891
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 427 891
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	9 021
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 39 083
		038	Субвенциялар	3 046 003
		049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	1 34 732

		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	99 052
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	248 345
			Бюджеттік кредиттер	274 235
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	274 235
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастар саласындағы басқа да қызметтер	274 235
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	274 235
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	274 235
Санаты				сомасы
	Сыныбы			мың
		Кіші сыныбы		теңге
		Атауы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	25 890
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	25 890
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	25 890
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			қаржы активтерін сатып алу	0
			мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-373 661
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	373 661
			Қарыздар түсімдері	274 235
Санаты				сомасы
	Сыныбы			мың
		Кіші сыныбы		теңге
		Атауы		
7			Қарыздар түсімдері	274 235
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	274 235
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	274 235
16			Қарыздарды өтеу	25 891
	1		Қарыздарды өтеу	25 891
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25 891

		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	25 890
		022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	1
Санаты				сомасы мың теңге
	Сыныбы			
	Кіші сыныбы			
	Атауы			
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	125 317
1			Бюджет қаражаты қалдықтары	125 317
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	125 317

Сарыағаш аудандық
мәслихатының 2019 жылғы
20 желтоқсандағы № 46-417-VI
шешіміне 2 қосымша

2021 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				сомасы мың теңге
	Сыныбы			
	Кіші сыныбы			
	Атауы			
			1. Кірістер	31 903 661
1			Салықтық түсімдер	3 845 751
	01		Табыс салығы	832 635
	1		Корпоративтік табыс салығы	218 428
	2		Жеке табыс салығы	614 207
	03		Әлеуметтік салық	589 791
	1		Әлеуметтік салық	589 791
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 972 401
	1		Мүлікке салынатын салықтар	1 972 401
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	364 842
	2		Акциздер	262 788

	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	22 112
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	74 574
	5	Ойын бизнесіне салық	5 368
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасаған және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	86 082
	1	Мемлекеттік баж	86 082
2		Салықтық емес түсімдер	55 736
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	17 027
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 029
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	15 998
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	38 709
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	38 709
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	76 120
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	76 120
	1	Жерді сату	76 120
4		Трансферттердің түсімдері	27 926 054
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	27 926 054
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	27 926 054
Санаты			
	Сыныбы		сомасы
	Кіші сыныбы		мың
	Атауы		теңге
	1. Кірістер		31 903 661
1		Салықтық түсімдер	3 845 751
	01	Табыс салығы	832635
		Корпоративтік табыс салығы	218428
	2	Жеке табыс салығы	614 207
	03	Әлеуметтік салық	635 506
	1	Әлеуметтік салық	635 506
	04	Меншікке салынатын салықтар	1 977 137
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 972 401
	5	Бірыңғай жер салығы	4 736
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	364 842

	2	Акциздер	262 788
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	22 112
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	74 574
	5	Ойын бизнесіне салық	5 368
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	86 082
	1	Мемлекеттік баж	86 082
2		Салықтық емес түсімдер	55 736
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	17 027
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 029
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	15 998
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	38 709
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	38 709
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	76 120
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	76 120
	1	Жерді сату	76 120
4		Трансферттердің түсімдері	24 400 576
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	24 400 576
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	24 400 576
Функционалдық топ			
	Кіші функция		сомасы мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	31 903 661
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	657 992
1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	226 086
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	26 811
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 611
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	199 275
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	153 689
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45 586

2		Қаржылық қызмет	7 290
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 290
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	5 000
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 290
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	3 22 495
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 22 495
		061 Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	3 22 495
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	1 02 121
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	36 429
		001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 039
		007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	35 692
9	459	001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 692
		467 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	30 000
		040 Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	30 000
02		Қорғаныс	64 954
1		Әскери мұқтаждар	16 900
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	16 900
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	16 900
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	48 054
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	48 054
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	33 071
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	14 983
04		Білім беру	17 985 046
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1 06 147
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 06 147
		009 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	60 346
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	45 801

2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	17 223 122
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	14 388 122
	003	Жалпы білім беру	14 269 887
	006	Балаларға қосымша білім беру	1 18 235
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 835 000
	024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 835 000
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	6 55 777
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 55 777
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 057
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 89 780
